

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ
ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН
ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН
ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫНЫҢ ТАУАРЛАР МЕН
КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ
МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ
ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«ДЕПАРТАМЕНТ КОНТРОЛЯ
КАЧЕСТВА И БЕЗОПАСНОСТИ
ТОВАРОВ И УСЛУГ ГОРОДА
АЛМАТЫ КОМИТЕТА КОНТРОЛЯ
КАЧЕСТВА И БЕЗОПАСНОСТИ
ТОВАРОВ И УСЛУГ МИНИСТЕРСТВА
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН»

**БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ**

**ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ**

ҚАУЛЫСЫ

30.07.2020 ж. № 54

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 54 от 30.07.2020 г.

**COVID-19 коронавирустық
инфекциясының таралуына
жол бермеу бойынша қосымша
шектеу іс-шараларын енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» 2020 жылғы 7 шілдесіндегі Кодексін, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің «Қазақстан Республикасының аумағында шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 20 наурызындағы №239 бұйрығын, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» 2020 жылғы 25 маусымындағы №43 қаулысын, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру мен жүргізудің кейбір мәселелері туралы» 2020 жылғы 5 шілдесіндегі № ҚР ДСМ-78/2020 бұйрығын басшылыққа ала отырып және COVID-19 коронавирустық инфекциясын таратпау мақсатында, **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. COVID-19 вирусын РНҚ анықтау үшін диагностикалық зерттеуді жүзеге асыратын ұйымдары қамтамасыз етсін:

1.1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес COVID-19 вирусының РНҚ анықтау үшін диагностикалық зерттеуді жүзеге асырғанға дейін шектеу іс - шараларын сақтау шарттарын міндетті түрде орындау туралы қолхатты (бұдан әрі-қолхат) тапсыруды;

1.2. Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік дәрігерінің «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» 2020 жылғы 25

маусымындағы № 43 қаулысымен бекітілген хабарландыру схемасына сәйкес, қолхатты бере отырып, COVID-19 диагнозы расталған адамдар туралы зертханалық растауды алған сәттен бастап 12 сағат ішінде хабарлауды.

2. Алматы қаласы «Қоғамдық денсаулық басқармасы» КММ қамтамасыз етсін:

2.1. карантиндік мекемелер персоналдарын пайдалану жөніндегі талаптарды сақтай отырып, жеке қорғану құралдарының жеткілікті санымен;

2.2. аурудың жай-күйі мен нысанын бағалау үшін COVID-19 диагнозы расталған адамдарға онлайн кеңес беруді (клиникалық көріністердің болуы немесе симптомсыз ағым);

2.3. COVID-19 диагнозы расталған адамдарды амбулаториялық жағдайда, сондай-ақ 14 күн бойы үй карантині режиміндегі адамдарды медициналық бақылауды;

2.4. «Үй карантині» режиміндегі COVID-19 диагнозы расталған адамдарға COVID-19 клиникалық белгілерінің болуына, сонымен қатар «үй карантині» режимін сақтауына күнделікті қоңырау шалу. 14 күн ішінде клиникалық симптомдары болмаған кезде карантин аяқталады.

2.5. «Үй карантині» режимін бұзу фактілері анықталған кезде жергілікті аудандық тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармалары мен Полиция департаментін хабардар ете отырып, карантиндік стационарға жатқызуға жолдама беруді;

2.6. COVID-19 диагнозы расталған адамдарға COVID-19 алдын алу шараларын және эпидемияға қарсы шараларды сақтау қажеттілігі туралы ұсынымдар беру, сондай-ақ «үй карантині» режиміндегі адамның тұрғын үйінен шығуына келісу мезанизмін айқындау;

2.7. медицина қызметкерінің құпиясын құрайтын мәліметтерді қорғау;

2.8. тұрғылықты жері бойынша «үй карантині» режимін сақтау үшін жағдайлар болмаған кезде COVID-19 диагнозымен расталған адамдарды, отбасы мүшелерінің қайта жұқтыру қаупі бар; жүкті әйелдердің; 60 жастан асқан адамдардың; созылмалы аурулары бар диспансерлік есепте тұрған адамдардың; жедел медициналық жәрдем станциясының арнайы машинасын оларды тасымалдау үшін шақыру арқылы карантиндік стационарға ерікті түрде оқшаулауға жіберуді.

3. Алматы қаласы кәсіпкерлік және инвестициялар басқармасы қамтамасыз етсін:

3.1. COVID-19 диагнозы расталған адамдарды, «үй карантині» режимін бұзған немесе өз еркімен оқшаулануға режимді сақтау мүмкін болмаған кезде адамдарды оқшаулауға тиісті жағдайлары бар объектілерді дайындауды;

3.2. карантиндік стационарды қажетті жағдайлармен және ыстық тамақпен.

4. Алматы қаласы тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің қауіпсіздігін бақылау департаменті және оның аудандық басқармалары қамтамасыз етсін:

4.1. COVID-19 жұқтыру жағдайлары туралы ақпарат алған сәттен бастап, 12 сағат ішінде COVID-19 диагнозы расталған адамдарды тіркеуді және есепке алуды;

4.2. COVID-19 жағдайына сұрау және эпидемиологиялық зерттеу жүргізе отырып, эпидемиологиялық зерттеу картасын дайындауды;

4.3. COVID-19 диагнозы расталған адамдармен тығыз байланыста болған адамдардың шеңберін анықтауды;

4.4. COVID-19 расталған диагнозы бар адамдар және олармен тығыз байланыста болғандарды ақпараттық жүйесіне енгізуді;

4.5. Полиция департаменті, амбулаториялық-емханалық қызмет қызметкерлерінің, еріктілерді тарту арқылы COVID-19 диагнозы расталған адамдармен «үй карантині» режимі талаптарының сақталуына мониторинг жүргізу үшін аудандық мобильді топтар құруды;

4.6. Алматы қаласының барлық аудандарында «үй карантині» режимінде ұсталатын COVID-19 расталған диагнозы бар адамдарға мониторинг жүргізу бойынша мобильді топтардың жұмысын ұйымдастыруды;

4.7. «үй карантині» режимін сақтау шарттарын бұзған адамдарды әкімшілік жауапкершілікке тартуды, карантиндік стационарға жатқызуға жолдама беруді.

5. Алматы қаласының полиция департаментіне:

5.1. тұрақты түрде Алматы қаласының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің қауіпсіздігін бақылау департаментіне «үй карантині» шарттарын бұзған COVID-19 расталған диагнозы бар адамдарды анықтауға және заңнамада белгіленген тәртіппен әкімшілік жауапкершілікке тартылуына ықпал етуге;

5.2. Алматы қаласы тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің қауіпсіздігін бақылау Департаментінің ұсынысы бойынша арнайы медициналық жедел жәрдем келгенге дейін өрескел бағынбайтын COVID-19 расталған диагнозы бар адамдарды ұстауға;

5.3. тәулік бойы карантиндік объектілерді күзетуге.

6. COVID-19 диагнозы расталған адамдар құқылы:

6.1. тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі аясында білікті медициналық көмек алуға;

6.2. еңбекке жарамсыздық парағын ашуға;

6.3. ақпарат алуға (ықтимал қауіптер мен артықшылықтар туралы мәліметтер, емдеудің ұсынылған және балама әдістері, емдеуден бас тартудың ықтимал салдары туралы ақпарат, науқастың қол жетімді түрінде диагноз, болжам және емдеу жоспары туралы ақпарат, сондай-ақ оның үйге шығарылуының немесе басқа медициналық ұйымға ауыстырылу себептерінің түсіндірмесі) және өзінің денсаулығы туралы тәуелсіз пікір кеңес алу және консилиум өткізуге;

6.4. медициналық қызметкердің құпиясын құрайтын ақпаратты қорғауға;

6.5. маман дәрігерлерден кеңес алуға;

6.6. оқшаулану және басқа адамдарға жұқтырудың таралуын болдырмау үшін шаралар қабылдау мүмкін болмаса, Алматы қ. Қоғамдық денсаулық департаментінің +7 (727) 300-05-05, +7 (727) 300-01-03 сенім телефонына хабарласуға және өз еркімен карантиндік стационарға жатуға;

COVID-19 расталған диагнозы бар адамның карантиндік ауруханада болуы бюджет есебінен төленеді.

6.7. карантин талаптарын бұзған жағдайда әкімшілік жауапкершілікке, ал басқа адамдар жұқтырған жағдайда қылмыстық жауапкершілікке тартылатындығын білуге;

6.8. Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтарды білуге.

7. COVID-19 диагнозы расталған адамдар міндетті:

7.1. карантиндік, санитариялық және эпидемияға қарсы, санитариялық-профилактикалық талаптарды сақтауға;

7.2. жұқтыруды болдырмау мақсатында карантинге жатқызылған кезеңде басқа адамдармен байланысқа жол бермеуге;

7.3. медициналық мамандардың келісімінсіз үйден шықпауға;

7.4. шектеу шараларының сақталуы туралы шарттарды міндетті түрде орындау жайлы қолхатты қол қойып алуға;

7.5. жақын адамдар арасынан байланыстағы адамдардың шеңберін анықтау үшін қажетті ақпаратпен қамтамасыз етуге;

7.6. медициналық қызметкерлерге өз денсаулықтарының өзгеруі туралы дереу хабарлауға (карантин кезеңіндегі 14 күнде);

7.7. өз құзыреті шегінде мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының заң талаптарын немесе шешімдерін орындауға;

7.8. Осы қаулының талаптарын орындауға.

8. Алматы қаласының Қоғамдық денсаулық басқармасы, Алматы қаласы тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің қауіпсіздігін бақылау департаменті Алматы қаласының полиция департаментімен бірлесіп, осы қаулының COVID-19 диагнозы расталған адамдардың орындауын бақылауды қамтамасыз етсін және өз құзыреті шегінде осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

9. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

10. Осы қаулы 2020 жылғы 3 тамыз 00 сағат 00 минуттан бастап күшіне енеді.

Алматы қаласының
Бас Мемлекеттік
Санитариялық дәрігері



Ж. Бекшин

Алматы қаласының
Бас Мемлекеттік
санитариялық
дәрігерінің
2020 жылғы 30
шілдедегі № 54
Қаулысына 1-
қосымша

**Үй карантинін сақтау шарттарын міндетті түрде
орындау туралы қолхат**

Елді мекен _____ 2020 жылғы «__» _____
Мен _____, ЖСН: _____
(Т.А.Ә. (бар болған кезде))

_____ жылы ҚР ІІМ/ӘМ берген № _____ төлқұжат/жеке куәлік,
_____ мекенжайында тіркелгенмін, нақты
_____ мекенжайында тұрамын.

Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы _____ № ____ - ПГВР қаулысының _____ қосымшасымен бекітілген COVID-19 эпидемиялық тәуекелі жоғары адам ретінде үйде оқшаулау (үй карантині) қағидаларын сақтау бойынша міндеттемелерді өзіме қабылдаймын. Дербес деректерді өңдеуге келісім беремін.

Отбасының/үй шаруашылығының кез келген мүшесінде температурасы немесе әлсіздік белгілері пайда болған кезде Алматы қаласы қоғамдық денсаулық басқармасының +7 (727) 300-05-05, +7 (727) 300-01-03 сенім телефонына жедел түрде хабарласып немесе карантин туралы хабардар етіп және жүгіну себебін көрсете отырып, жедел жәрдем шақыру керек екендігі туралы хабардар етілдім.

«Үй карантині» режимін бұзған жағдайда карантиндік стационарға оқшауланатыным туралы ескертілдім.

Мен 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 462-бабының 3-бөлігіне сәйкес заң талаптарын немесе мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының өз құзыреті шегіндегі шешімдерін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін 5 АЕК мөлшерінде әкімшілік жауапкершіліктің барын білемін.

Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 425-бабының 1-бөлігіне сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы заңнаманың талаптарын, сондай-ақ гигиеналық нормативтерді бұзғаным үшін 30 АЕК мөлшерінде әкімшілік жауапкершіліктің бар екендігі туралы хабардар етілдім.

Сондай-ақ, 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 304-бабына сәйкес немқұрайлылық нәтижесінде адамдардың жаппай ауруына, жұқтыруына әкеліп соқтыратын санитариялық ережелерді немесе гигиеналық нормативтерді бұзғаны үшін қылмыстық жауапкершіліктің бар екендігі туралы білемін.

Күні: _____

Қолы _____